

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы 6D060700 – Биология, 6D070100 - Биотехнология, 6D061300-Геоботаника мамандықтары (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңесі

Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 7
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 12 адам. Диссертациялық кеңестің мүшесі. Шет елдік ғалым Францияның PhD-і, Вильжуиф қаласы Густава Русси онкологиялық орталығындағы «ДНК Репарациясы» зертханасының меңгерушісі, профессоры Сапарбаев Мұрат белгілі себептермен диссертациялық кеңестің 7 отырысына қатыспады.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Докторант оқыған, ЖОО
1	Юрикова Оксана Юрьевна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
2	Осикбаева Сания Омирхановна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
3	Есжан Бану Ғазизқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
4	Смекенов Изат Темиргалиевич	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
5	Бурашев Ербол Досанұлы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
6	Избастина Клара Сержановна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
7	Абдолла Нұршат	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
8	Мұхатаев Жүсіпбек Еркинович	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Юрикова Оксана Юрьевна - диссертациялық жұмысы кейбір әлеуметтік маңызы бар аурулармен байланысты гендердің mRNA-ның кодтаушы

аймағымен miRNA-дың өзара әрекеттесуін зерттеуге және осы ауруларды диагностикада одан әрі қолдану үшін miRNA-дың жаңа тиімді ассоциацияларын және олардың нысана гендерін табуға арналған.

Осикбаева Сания Омирхановна - диссертациялық жұмысы табиғи полифенолдардың қалыпты және қуық асты без ісігі клеткаларының митохондриялық метаболизміне *in vitro* жағдайында әсер ету механизмдерін зерттеуге арналған.

Есжан Бану Ғазизқызы - диссертациялық жұмыс Mcf10Асүт безі эпителиальды клеткаларына *in vitro* жағдайында, клетка-молекулалық деңгейде даназол препараты әсерінің механизмдерін зерттеуге арналған.

Смекенов Изат Темиргалиевич - Диссертациялық жұмыс рекомбинантты ДНҚ технологиясын және гендерді клондау әдістерін қолдана отырып, целлюлозаны этанолға ашытуға қабілетті рекомбинантты өнеркәсіптік ашытқы штамдарын алуға арналған.

Бурашев Ербол Досанұлы - диссертация Қазақстан Республикасының аумағында оқшауланған А/Н3N8 жылқы тұмауы вирусының (ЖТВ) штамдарының биологиялық және молекулалық-генетикалық қасиеттерін олардың алдын-алудың тиісті құралдарын әрі қарай дамыту үшін олардың филогенетикалық құрамын және антигендік белсенділігін анықтау арқылы зерттеуге арналған.

Избастина Клара Сержановна - диссертациялық жұмыста Ақтөбе облысындағы сирек кездесетін *Anthemis trotzkiana* Claus ex Bunge өсімдігінің ценопопуляциялары жағдайы ботаникалық және молекула-генетикалық әдістермен бағаланған.

Абдолла Нұршат – диссертация созылмалы қабынудың тәжірибелік үлгілеріндегі және олардың комбинациясындағы миелоидтық супрессорлық жасушалардың (MDSC) функциялық және фенотиптік сипаттамаларын жан-жақтылы зерттеуге, сондай-ақ мүмкін болатын MDSC-ді нысаналы элиминациялау жолын өңдеуге арналған.

Мұхатаев Жүсіпбек Еркинович - диссертация вителиго науқастарының перифериялық қанындағы Т-реттегіш жасушаларының (Трег) фенотиптік сипаттамаларын зерттеуге және оның иммунотерапиясына арналған химерлі антиген рецепторы ендірілген (CAR) антиген-спецификалық Т-реттеуші жасушаларды (Трег-тер) ынталандыру және жасап шығару тәсілдерін зерттеуге және депигментацияны тежеудегі антибиотиктердің әсерін зерттеуге арналған.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

О.Ю. Юрикованың диссертациялық жұмысы «microRNA және олардың нысана гендері негізінде жүрек-қан тамырлары ауруларын ерте диагностикалау әдісін жасау», №0115РК00286, «miRNA және олардың гендері негізінде жүрек-қан тамырлары, онкологиялық және нейродегенеративті ауруларды ерте диагностикалау үшін тестілік жүйелерді жасау» №0118РК00034, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жобалары аясында орындалды.

Б.Ғ. Есжанның диссертациялық жұмысы сүт және қуық асты безінің катерлі ісігі құрылымын зерттеуге бағытталған «*Cornelius Beukenkamp*» (2013-2016) және «Mary DeWitt Pettit Fellowship» (2013-2016) фондтарының қолдауымен Дрексель университеті, хирургия кафедрасының митохондриялар патофизиологиясы зертханасында жасалды (ғылыми жобаның жетекшісі Дрексель Университетінің профессоры З.С.Орынбаева). Сонымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Биофизика және биомедицина кафедрасының «Биофизика және биомедицинаның өзекті мәселелері» (ғылыми жетекшісі профессор С.Т.Төлеуханов) атты инициативтік тақырыбы бойынша орындалды.

С.О. Осикбаеваның диссертациялық жұмысы қуықасты безінің обырын зерттеу үшін (жоба жетекшісі Дрексель университетінің профессоры З.С. Орынбаевамен) және «*Cornelius Beukenkamp*» (2014-2015г.ж.), «*Louise*» және «*Bessie Stein Fellowship*» (2014- 2015ж.) қорларымен, сонымен қатар биофизика және биомедицина кафедрасында «биофизика және биомедицинаның заманауи мәселелері» (2013-2018г.ж. ж.) тақырыбы бойынша тақырып жетекшісі профессор С.Т. Тулеухановпен жүргізілді.

И.Т. Смекеновтың диссертациялық жұмысы 0144/ГФ «Құрамында целлюлоза бар шикізаттан биоотын алу үшін целлюлоза гендерін тиімді білдіретін микроорганизмдердің рекомбинантты штамдарын жасау» және 1324/ГФ «Генетикалық түрлендірілген өнеркәсіптік ашытқы штамдарын қолдана отырып, целлюлоза шикізатынан биоэтанол алу технологиясын жасау» Министерства образования и науки Республики Казахстан ғылыми жобаларының аясында орындалған.

Е.Д. Бурашевтың диссертациялық жұмысы «О.0534 жылқылардың тұмауы: эпизоотологиялық бақылау, арнайы алдын-алу және диагностикалық құралдарды әзірлеу» бағдарламасы аясында 2010-2012 жж. орындалды.

К.С. Избастинаның диссертациялық жұмысы «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК О.0860 «Биотүрлілікті сақтаудың тұрақты жүйесі ретінде өсімдіктерді сақтаудың жаһандық стратегиясының басымдықты ғылыми-практикалық міндеттерін мемлекеттік ботаникалық бақтардың жүзеге асыруы» (2018- 2020) және «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» ШЖҚ РМК О.0898 «Құрамында күкірті бар жаңа нанокөпозиттер мен препараттар алу технологиясын әзірлеу және апробациялау» (2018-2020) жобалар шеңберінде орындалды.

Н. Абдолланың диссертациялық жұмысы ҚР ҒБМ ҒК 244/ҒФЗ «Цитотоксикалық заттармен конъюгацияланған альфа-фетопротеин көмегімен миелоидтық супрессорлық жасушалар элиминациясының, ісікке қарсы иммунитеттің жағдайы мен ісіктің өсуіне әсерін тәжірибелік жануарларда зерттеу» жобасы аясында №0113РК00356 (2013-2015 жж), сонымен қатар АР05131710 «Тәжірибеде ісіктің өсуінің стимуляторы болатын созылмалы қабынуды болдырмау үшін миелоидтық супрессорлық жасушалардың (MDSC) коррекциясына фармакологиялық жолдарды әзірлеу» жобасы аясында №0118РК00965 (2018-2020 жж) орындалды.

Ж.Е. Мұхатаевтың диссертациялық жұмысы антиген-спецификалық Трег-тердің көмегімен витилиго иммунотерапиясының тәсілдерін дамыту бойынша зерттеулер Ұлттық денсаулық сақтау (National Institute of Health) институтының RO1 AR057643 докторы Каролина Ле Пулге берген грантымен қолдау тапты. Зерттеудің көп бөлігі иммунология мен дерматологияға саласының маманы доктор Ле Пул-дың зертханасында жүргізілді. Бұл зерттеуді жасауға стипендия ұсынған доктор Ле Пулдың бастамасы және қолдауы болып табылады. Қазақстанда жергілікті жетекші - Остапчук Екатерина. О. бұл зерттеуге бірінші оқу жылының басынан бастап кеңес берді және қолдау көрсетті. Витилиго пациенттердің Трег-терінің фенотиптік сипаттамаларын зерттеуге Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Остапчук Екатерина Олегқызына берген грант АР05131691 «Т-реттегіш жасушалардың ісік жасушаларының белсенділігіне әсерінің молекулалық механизмдері» гранты қолдау көрсетті.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

О.Ю. Юрикованың диссертациялық жұмысы нәтижелерінің практикалық қызметке енгізілуі. О.Ю. Юрикованың докторлық диссертациясының нәтижелері miRNA-дың байланысатын сайттары mRNA CDS-де ассоциацияларын және миокард инфарктісі, Альцгеймер ауруы және өкпенің ұсақ емес жасушалары үшін нысана гендерді әрі қарай экспериментальды түрде тексеру үшін ұсынылады. Нәтижелер қазақ тіліне аударылып, 5В060700 «Биология» мамандығының 3 курс, бакалавриат

студенттері арасында «Геномика және протеомика негіздері» элективті курсы оқу кезінде оқу процесіне енгізілді.

С.О. Оксикбаеваның докторлық диссертациясының нәтижесі Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтында табиғи полифенолдарды пайдаланудың жаңа әдістерін енгізу және олардың қуық асты безі жасушаларына әсері болып табылады (енгізу актілері №2 - 2017ж., №3 – 2019ж., №4 – 2019ж.). Енгізу түрі: жануарларға презентациямен және практикалық сабақтармен мастер-класс өткізілді. Сондай-ақ алынған мәліметтер биология бағыты бойынша студенттер, магистранттар және докторанттар үшін «простата обыр жасушаларының митохондриялды метаболизміне куркуминнің әсер ету механизмі» тақырыбында оқу процесіне енгізілді (аяқталған ғылыми – зерттеу жұмысын 2018ж. оқу процесіне енгізу туралы акт).

Б.Ғ. Есжанның докторлық диссертациясының нәтижелері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, биология және биотехнология факультетіндегі «Биология» мамандығы, 2 курс студенттері үшін «Жануарлар физиологиясы негіздері» оқу курсының бағдарламасына дәріс ретінде енгізілді (Оқу процесіне аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысын енгізу туралы актісі, 2018 жылдың 24 қазанындағы №3 хаттамасы).

И.Т. Смекеновтың докторлық диссертациясының практикалық қызметке енгізу деңгейі, қалпына келтірілетін және арзан целлюлозаның шикізат көздерінен (дәнді дақылдар сабаны, қағаз қалдықтары, үгінділер және басқалар) этанол алу үшін целлюлаза гендерін тасмалдаушысы болып табылатын рекомбинантты ашытқы штамдарын қолдану перспективаларына байланысты.

Е.Д. Бурашевтың докторлық диссертациясының практикалық қызметке енгізу деңгейі, A/equine/Bayzak/09/2012, A/equine/Қостанай/09/2012, A/equine/Matybulak/10/2012, A / equine / LKZ / 09/2012 клайдқа байланысты Американдық, Florila 2 субклайдына оқшауланған. Бұл алдыңғы эпизоотияға қатысты изоляттардың филогенетикалық өзгергіштігін анықтауға және өзекті вакциналарды жасау кезінде ұсынуға мүмкіндік береді. Вакциналарға кандидат ретінде қолданылса, жоғары иммунитетті қамтамасыз ететін жоғары инфекциялық және гемагглютинациялық белсенділігі бар вирустық материалдар алынды. Өндірілген олигонуклеотидті микроэкранның тәжірибелік серияларын А/Н3N8 тұмауы вирусын диагностикалау кезінде қолдануға болады. А/Н3N8 тұмауының кіші түріне арналған РТ-ПТР арқылы ЖТВ штамдарын ерте диагностикалау және субтиптеу әдістері жасалды.

К.С. Избагинаның докторлық диссертациясының нәтижелері сирек кездесетін *A. trotzkiana* ценопопуляцияларының қазіргі жағдайын бағалауға мүмкіндік береді, Ақтөбе облысының экология және биоресурстар

басқармасының мәліметтерін жаңа ақпараттармен толықтырады. Ақтөбе облысындағы сирек кездесетін *A. trotzkiana* өсімдігінің үш популяциясы кіретін өсімдіктер қауымдастығындағы түрлердің гербарий үлгілері ҚР БҒМ Ботаника және фитоинтродукция институтының гербарий қорына тапсырылғандығы туралы акт алынды. Жойылып бара жатқан *A. trotzkiana* түрінің генофондын сақтау мақсатында үш популяциядан 2017, 2018 жылдары жиналған тұқымдары ҚР БҒМ Ботаника және фитоинтродукция институтының тұқым банкіне ендірілгені туралы акт алынды. *A. trotzkiana* құрамындағы биологиялық белсенді заттардың негізгі топтарын бөліп алу технологиясы, сапалық және сандық нәтижесі ұсынылды. Эфир майларының құрамы бойынша жаңа ақпарат алынды.

Н.Абдолланың докторлық диссертациясының нәтижелері АФР негізіндегі цитотоксикалық конъюгат иммуносупрессорлы MDSC-ді элиминациялау арқылы ісікке қарсы тиімді иммунотерапиялық әдіс екендігін көрсетті. Бұл нәтижелер клиникалық иммунологтар, сонымен қатар онкологтар үшін де маңызы зор. Осы жұмыстың аясында АФР байланыстыратын MDSC-ді анықтау әдісіне патент алынды (№ 32074, 18.04.2017 ҚР патенті).

Ж.Е. Мұхатаевтың докторлық диссертациясының нәтижелері антиген-спецификалық Трег-терді инженерлік жолмен Трег-терге CAR-ды енгізу арқылы жасап шығару аутоиммундық ауруларды емдеудің жаңа тәсілін жасау қолданбалы ғылымға өз үлесін қосады. Сондай-ақ, алынған нәтижелердің практикалық маңыздылығы неомициннің Трег-терді арқылы тері аймақтарының инфльтрациясының жоғарылауына және витилигонның эксперименттік моделіндегі депигментацияның төмендеуіне әсерін анықтау болып табылады. Алынған мәліметтер витилиго емдеу тәсілдерін жасау үшін де қолданыла алады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сыни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия (PhD) докторлары болды және докторанттың зерттеу аумағындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докторанттың бір-біріне тәуелсіз болу принципі жетекшілікке ала отырып тағайындады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жанашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі,

практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қортындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докторанттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 15 (он бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ережесінің 3.19 пунктін өзгерту және диссертацияны қорғау күнін анықтау және екі ресми рецензенттерді тағайындауды диссертациялық кеңеске құжаттарды қабылдаған күннен 30 (отыз) жұмыс күнінен кем емес уақыт аралығына өзгерту. Бұл ұсыныс докторанттарға тәуелсіз эксперттерді тағайындау нәтижесінде, тәуелсіз эксперттердің ескертпелерін жөндеу үшін, ол өз кезегінде көп уақыт алатындығыменен байланысты болып отыр.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:

№		6D060700 – Биология	6D070100 – Биотехнология	6D061300 – Геоботаника
1	Қорғауға қабылданған диссертациялар	4	3	1
2	Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО)	-	-	-
3	Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар	-	-	-
4	Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО);	-	-	-
5	Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-	-
6	Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО)	-	-	-
7	Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар	-	-	-

Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО	-	-	-
---	---	---	---

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____

Бисенбаев А.К.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____

Нармұратова М.Х.



Мөр Мерзімі 2020 жылғы " __ " _____